



БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

2019 жылғы 24 сәуірі

№ 29

Нұр-Сұлтан қаласы

город Нур-Султан

**«Тіркелген қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы»
№1-М есеп нысанын және оны қалыптастыру
жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы**

«Мемлекеттік құқықтық статистика және арнайы есепке алу туралы» 2003 жылғы 22 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабының 12) тармақшасына сәйкес, «Прокуратура туралы» 2017 жылғы 30 маусымдағы Қазақстан Республикасы Заңының 37-бабы б) тармақшасын басшылыққа ала отырып, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Мыналар:

1) осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес «Тіркелген қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы» № 1-М есеп нысаны;

2) осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес «Тіркелген қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы» № 1-М есеп нысанын қалыптастыру жөніндегі нұсқаулық бекітілсін.

2. Осы бұйрыққа 3-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының кейбір бұйрықтарының күші жойылды деп танылсын.

3. Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитеті (бұдан әрі - Комитет) мыналарды:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде ресми жариялау және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жолдауды;

3) осы бұйрықтың көшірмесін Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының ресми интернет-ресурсында орналастыруды;

4) осы бұйрықтың көшірмесін құқықтық статистика және арнайы есептің мүдделі субъектілеріне, сондай-ақ Комитеттің аумақтық органдарына орындау үшін жолдауды қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Комитет Төрағасына жүктелсін.

5. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

**Қазақстан Республикасының
Бас Прокуроры**

Ғ. Нұрдәулетов

Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі
облысының/қаласының Әділет департаменті
Нормативтік құқықтық акті 26.04.2019
Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік
тіркеудің тізіліміне № 18595 болып енгізілді

Результаты согласования

Генеральная прокуратура РК - начальник отдела Гульшат Тайлаковна Коканова, 05.04.2019 17:23:05,
положительный результат проверки ЭЦП

Министерство юстиции РК - вице министр Наталья Виссарионовна Пан, 22.04.2019 17:08:00, положительный
результат проверки ЭЦП

Результаты подписания

Генеральная прокуратура РК - Генеральный Прокурор Гизат Дауренбекович Нурдаулетов, 24.04.2019 16:20:48,
положительный результат проверки ЭЦП

Көшірме дұрыс
ҚР Бас прокуратурасының
Құқықтық статистика және арнайы есепке
алу жөніндегі
Комитеті Төрағасының орынбасары

Р.Әлкенев